

«Қостанай облысы
әкімдігінің мәдениет
басқармасы» ММ
басшысы

Е.Қалмақов
2022 жылғы « » қыркүйек

**Сатирик, жазушы, этнограф, ғалым Сейіт Кенжеахметов атындағы
«Мірдің оғы» республикалық әзіл-сықақ театрлары арасында өтетін
байқау-фестивалінің
ЕРЕЖЕСІ**

Қазақтың талай қаймақтарының кіндік қаны тамған Торғайдың тумасы Сейіт Кенжеахметов өмірінің соңына дейін мәдениет, руханият саласында аянбай еңбек етті. Ұлттық этнографияның мән-маңызы, жоғары таным-тағылымдарын талмай зерттеген жазушының соңында мәңгілік өшпейтін, өлмес мол мұра қалды. Сейіт Кенжеахметовтің сатира саласында сүбелі дүниелері 1967 жылы жарық көрген «Кәрі шеңгелден» бастау алып, «Қуырдақ», «Аттеріс», «Сөз семсер», «Тышқантірлік», «Ел құлағы елу», «Хан барон-на сезон» сонымен қатар, «Қазіргі қазақ сатира» атты жаңа серияның тұңғышы- «Мірдің оғындай» деп аталатын таңдамалы сатиралық өлеңдер мен мысалдар жинағын атап өтуге болады.

Сейіт Кенжеахметовтің қазақ халқының рухани дүниесіне қосқан баға жетпес туындыларын дәріптеу мақсатында Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының қолдауымен, облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығының ұйымдастыруымен 2022 жылдың қазан айының 13-14 күндері Қостанай қаласында республикалық әзіл-сықақ театрларының арасында байқау-фестивалі өткізіледі.

Фестивальдің мақсаты мен міндеттері

- Сейіт Кенжеахметовтің шығармашылық мұрасымен танысу;
- облыстағы әзіл-сықақ театрларының орындаушылық шеберлігін шындау, өңіріміздің талантты өнерпаздарын анықтау;
- әзіл-сықақ театрларының бір-бірімен тәжірибе алмасуы арқалы өнерлерін жетілдіру, жандандыру.

Фестиваль шарты

- фестивальге облысымыздың және республикамыздың басқа өңірлерінен келген әзіл-сықақ театрлары қатыса алады;
- фестивальге қатысатын ұжым екі интермедия көрсетеді, көрсетілетін сахналық қойылымның біреуі міндетті түрде Сейіт Кенжеахметовтің шығармасынан болуы негізгі шарт болып саналады;
- шығарманың ұзақтығы 10 -15 минуттан аспауы тиіс;

- фестиваль барысында қажетті музыкалық, жарық, дыбыс эффектілерін қолдана алады;
- үздік ұжымдар Гала-концертте өнер көрсетеді.

Бағалау өлшемдері

- сахналық мәдениет;
- көркемдік деңгейі;
- әртістердің орындаушылық шеберлігі;
- эстетикалық және этикалық ұғымдылығы.

Марапаттау жүлделері

- Бас жүлде, С.Кенжеахметов атында
- Бірінші орын,
- Екінші орын,
- Үшінші орын,
- Сатирик, жазушы Ғұмар Ахметчин атындағы арнайы жүлде.

Қазылар алқасы

- Қазылар алқасының құрамына мәдениет және өнер қайраткерлері, театр мамандары кіреді;
- қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді және оның барлық мүшелері қол қояды;
- дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады;
- қазылар алқасы ұйымдастыру комитетімен белгілеген жүлделі орындарды бермеуге немесе үміткерлер арасында бөлуге құқылы.

Өтініштерді тапсыру шарты

- өтінім (қойылымның атауы, ұжым жөнінде мәлімет, фото, ұжымның тізімі, жетекшісінің аты-жөні) hsb@ocsnt.kz электронды почтасы бойынша ағымдағы жылдың 1-ші қазанға дейін қабылданады.
- Қосымша ақпарат алу үшін байланыс телефондары: 8(7142) 56-01-29.

Тамақтану және жолақысы

- Қостанай облысынан қатысатын қатысушылардың шығындарын жіберуші тарап төлейді;
- басқа өңірден қатысатын ұжымдардың шығындарын (тамақтану және тұрғын жай) қабылдаушы тарап төлейді.

**Сатирик, жазушы, этнограф, ғалым Сейіт Кенжеахметов атындағы
«Мірдің оғы» республикалық әзіл-сықақ театрлары
фестиваліне өтінім үлгісі**

| № | Аудан, қала | Қойылымның атауы | Ұжым жөнінде толық мәлімет | Ұжымның тізімі | Жетекшісін ің аты- жөні, телефоны |
|----------|------------------------|-----------------------------|---|---------------------------|--|
| 1 | | | | | |
| 2 | | | | | |